

8D023 – Тілдер мен әдебиет (6D020500/8D02301 – Филология /6D021400/8D02308 – Әдебиеттану) бағыты бойынша құрылған Диссертациялық кеңеске Жетібай Рақымберді Қажығалиұлының (6D021400/8D02308 – Әдебиеттану) мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған «Жүмекен Нәжімеденов прозасының көркемдік әлемі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Жетібай Рақымберді Қажығалиұлының 6D021400 – «Әдебиеттану» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған «Жүмекен Нәжімеденов прозасының көркемдік әлемі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ғылымның даму бағыттарына сәйкес келеді. Қорғауға ұсынылып отырған диссертациялық жұмыс төмендегідей мемлекеттік бағдарламалар мен стратегия талаптарына сәйкес келеді: 1. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы // Алматы: Юрист, 2007. – 42 б. 2. Тоқаев Қ. Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі // Егемен Қазақстан. 01 қыркүйек. 2020 ж. 3. Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен 2021-2023 жылдардағы ғылымды дамытудың «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер», «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» басым бағыттары.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыстың тақырыбы өзекті болғандықтан әдебиеттану ғылымына өз үлесін қосатыны белгілі. Алдына қойған мақсат-міндеттер бойынша тақырыптың маңыздылығы айқындалып, негізгі мақсаттар толықтай ашылған. Ізденуші тақырыпты зерттеу барысында 1960-1990 жылдар әдебиетінде өзіндік орны бар белгілі ақын, жазушы Жүмекен Нәжімеденовтің прозалық

			<p>шығармаларына толықтай талдау жасаған. Соның нәтижесінде жазушының әңгіме, повесть, роман жанрына қосқан үлесі анықталып, шығармалары жанрлар бойынша жүйеленген.</p> <p>Қазақ прозасына қосылған шығармалардың көркемдік-эстетикалық жетістігін саралауда әр шығарманың негізгі ерекшелігіне көңіл аударылған. Жазушы шығармаларының мистикалық, психологиялық, философиялық қырлары белгілі әдебиеттанушы ғалымдардың пікірлері негізінде дәйектелген.</p> <p>Ж.Нәжімеденовтің прозалық шығармалары туралы жазылған зерттеулер жоқтың қасы болғандықтан, зерттеуші тақырыпты зерттеуде 1970 жылдары мерзімді басылым беттерінде жарық көрген Қ.Сауқымов, Б.Уахатов, Т.Тоқбергенов, Б.Ыбырайымов, Б.Сахариев, С.Жұмабек, М.Сқақбаев сынды әдебиеттанушылар мен сыншылардың жазушының «Даңқ пен дақпырт» «Ақ шағыл», «Кішкентай» романдары туралы мақалаларын түгелдей назарда ұстаған.</p> <p>Зерттеу жұмысында Л.Гинзбург, В.Компанеец, Т.Карлова, Д.Лихачев, Т.Сабо, Ю.Лотман, И.Страхов, Н.Чернышевский сынды белгілі әдебиеттанушы ғалымдар мен отандық С.Қирабаев, З.Қабдолов, З. Ахметов, М.Базарбаев, Б.Наурызбаев, Е.Лизунова, Ә.Нарымбетов, М.Хасенов, Ш.Елеуенов, Б.Майтанов, С.Асылбекұлы, Қ.Ергөбек, Г.Орда, А.Тойшанұлы және басқа ғалымдардың теориялық тұжырымдары негізге алынған.</p>
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертанттың жазу стилі қалыптасқан, тақырыпты толық меңгерген, өзіндік айтар ойы бар. Сондықтан тақырыпты игерудегі жазу деңгейін жоғары деп бағалауға толық негіз бар. Тақырыпты зерттеу барысында ғылым мәдениеті дұрыс сақталған, өзіне дейін айтылған пікірлерге сүйене отырып ой қорытуы орынды. Жазушы шығармалары туралы ұсынылған пайымдаулар отандық және шетелдік ғалымдардың пікірлерімен үндес келеді. Әдебиеттанушы ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып жасаған ой-тұжырымдарынан зерттеушінің

			тақырыпты игеруі, өзі жазу принципі анық байқалады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Тақырыпты зерттеу барысында диссертацияның ішкі бірлігі дұрыс сақталған. «Ж.Нәжімеденов әңгімелері мен повестеріндегі жанрлық-стильдік ізденістер» деп аталатын бірінші тарауда Ж.Нәжімеденовтің шағын әңгімелері мен повестері зерттеу нысанына алынса, «Ж.Нәжімеденов романдарының поэтикасы» деп аталатын екінші тарауда жазушының «Ақ шағыл», «Кішкентай», «Даңқ пен дақпырт» романдары зерттелген. Жазушының прозалық шығармаларын зерттеуде диссертацияның өзектілігі толықтай негізделген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертацияның мазмұны «Жүмекен Нәжімеденов прозасының көркемдік әлемі» тақырыбын толықтай айқындайды. Рақымберді Жетібай аталған тақырыпқа кешенді ғылыми-зерттеу жүргізгендіктен тақырыпты толық қамтыған. Диссертанттың ұсынып отырған ғылыми тұжырымдары мен пайымдаулары шығарма мәтініне сай ұсынылған. Атап айтатын болсақ, «Ақ шағыл» романында элеуметтік мәселелер шынайы бейнелгеніне, «Кішкентай» романында психологизмнің тереңдігіне, «Даңқ пен дақпырт» романында философиялық ойдың басымдығына көңіл аударған. Жекелеген романдар туралы айтылған ойлар тұстастай алғанда жазушы стилін ашуға қызмет жасайтындықтан алынған нәтижелер зерттеу тақырыбына сай ұсынылған.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертациялық жұмыстың алдына қойған мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толықтай сәйкес келеді. Тақырыпты зерттеу барысында алдына қойған мақсат-міндеттер толықтай шешілген. Жүмекен Нәжімеденовтің әңгіме, повесть, романдарындағы фольклорлық сарын, мистика, психологизм, философиялық ойлар, элеуметтік тұрмысты бейнелеудегі шынайылық тәрізді мәселелер нақты шығармалар арқылы жүйеленген.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық	Диссертация мазмұны кіріспе, негізгі екі бөлім, әр бөлім өз ішінен бірнеше параграфтан, қорытынды, пайдаланылған

		<p>байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	<p>әдебиеттер тізімінен тұрады. Бірінші бөлімде жазушы әңгімелеріндегі образдар жүйесі жекелеген әңгімелер негізінде ашылған. «Өң мен түс», «Көшенің көлеңке беті» әңгімелері мистикаға құрылса, «Көне жұртта» психологизмнің басым екендігі, «Оркийк», «Абыл» әңгімелері ел ішіндегі аңыз-әңгімелерге құрылғандығына көңіл аударылған. «Домбыра және көсеу» повесінде ұлттық құндылықтар, «Аспан шақырады» ертегі-повесіндегі мифология, «Бетпе-бет» повесінде эпистолярлық жанр үлгісі басым екендігі жекелеген тараушалардың зерттеу нысанына айналған. Екінші бөлімде жазушы романдары арнайы зерттелген. «Ақ шағыл» романындағы әлеуметтік мәселелер, «Кішкентай» романындағы психологизм, «Даңқ пен дақпырт» романындағы философиялық ойлардың қарастырылуы бөлімдер арасындағы, бөлімдердің ішіндегі тараушалардың бірінен бірі туындап, бірін-бірі толықтырып отырғандығын көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда диссертацияның бөлімдері логикалық тұрғыдан тұтас, өзара ішкі бірлігі толық сақталған.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Диссертанттың ұсынып отырған жаңа шешімдері (қағидаттар, әдістер) ғылыми тұрғыда дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырыла зерттеліп, шығармаларға сыни талдаулар жасалған. Тақырыпты зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы, әлеуметтік, психоаналитикалық, герменевтикалық талдау, жинақтау, мәдени-тарихи, биографиялық әдістер пайдаланылған. Тарихи-типологиялық, герменевтикалық, салыстырмалы әдістер тұрғысынан зерттеу жүргізіп, жаңа пайымдауларын ұсынған. Жазушы шығармалардағы мистика, фольклорлық сарын, эпистолярлық жанр табиғатын ашуда сыни талдаулар жасалған. Түрлі мәселелерді зерттеуде этнограф ғалымдар Ш.Уәлиханов, З.Сәнік, Б.Хинаят, Қ.Исабеков, фольклортанушылар С.Қасқабасов, Б.Әзібаева, А.Тойшан сияқты ғалымдардың зерттеу еңбектері мен ғылыми тұжырымдарына сүйене отырып ой қорытуда, өзіндік</p>

			пайымдауларын ұсынуында сыни талдауы анық көрінеді.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Рақымберді Жетібайдың диссертациялық жұмысында алынған ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып табылады. Ж.Нәжімеденов прозасындағы көркемдік-эстетикалық жетістіктерді арнайы нысан еткен алғашқы докторлық диссертация болғандықтан, зерттеу тақырыбы өзекті және зерттеу нәтижелері толықтай жаңа. Жұмыста жазушының ұлттық құндылықтарды бейнелеудегі қолданған көркемдік-эстетикалық әдіс-тәсілдері әдеби-теориялық тұрғыдан сараланып, қаламгердің идеялық-философиялық концепциясы айқындалған.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Біріншіден, жазушының бұған дейін арнайы зерттелмеген прозалық шығармалары зерттеу объектісіне айналып отыр. Екіншіден, жазушының прозалық шығармалары жанрлық тұрғыда жүйеленіп, түрі бойынша топтастырыла зерттелген. Үшіншіден, жазушы романдарындағы стильдік ерекшеліктер жүйелі түрде қарастырылған. Төртіншіден, Жүмекен Нәжімеденовтің әңгімелері мен повестеріндегі мистика, мифология, фольклорлық сарын, эпистолярлық жанр үлгісі сабақтастырыла талданған.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыстың техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген. Қорғауға ұсынылып отырған зерттеу жұмысы гуманитарлық бағытта орындалғандықтан, техникалық, технологиялық шешімдерді қажет етпейді.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және	Диссертанттың ұсынып отырған ғылыми пайымдаулары мен қорытындылары ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелерге негізделген. Оған диссертанттың зерттеу нәтижесінде қорғауға ұсынып отырған тұжырымдары дәлел:

		гуманитарлық бағыттары бойынша)	<p>1. Жұмекен Нәжімеденов – қазақ әдебиетіндегі поэзия, проза жанрларына қомақты үлес қосқан қаламгер.</p> <p>2. Жазушының әңгіме, повесть, романдарындағы түрлік ізденістер фольклорлық сарын мен мистиканы еркін игеруінен көрінеді.</p> <p>3. Прозалық шығармаларында халықтың әлеуметтік тұрмысын шынайы бейнелеген, психологизмді шебер игерген жазушы.</p> <p>4. Қоғам өміріндегі шешімін күтіп тұрған өзекті мәселелер арқылы оқырманға философиялық ой салған қаламгер.</p> <p>5. Көркемдік-эстетикалық ізденістермен 70-80 жылдардағы қазақ прозасын мазмұны мен түрін жағынан байытты.</p> <p>Аталған тұжырымдардың барлығы дерлік ғылыми тұрғыда дәлелденген.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3)шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) орташа; 3) кең</p> <p>7.5Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>7.1 Диссертациялық жұмыста ұсынылған қағидаттар дәлелденген.</p> <p>7.2 Жұмыста келтірілген дәлелдер тривиалды емес.</p> <p>7.3 Зерттеу жұмысында көрсетілген қағидаттар жаңа.</p> <p>7.4 Диссертацияда қағидаттарды қолдану деңгейі кең.</p> <p>7.5 Зерттеу жұмысы барысында 6 мақала жарияланып, жұмыс толық апробациядан өткен. 1 мақала Scopus базасындағы журналда, 2 мақала ҚР ҒЖБМ ұсынған журналдарда, 3 мақала ҚазҰПУ Хабаршысының «Филология ғылымдары» сериясында жарияланған. Жарияланған барлық мақалалар диссертация тақырыбы мен мазмұнына толық сәйкес келеді.</p>
8.	Дәйектілік принципі. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Ғылыми жұмыстың әдіснамасы талапқа сай негізделген, дәйектілік принципі дереккөздерде толық сақталған. Диссертацияның кіріспе бөлімінде зерттеу әдіснамасы толық қамтылған. Зерттеу барысында автор әдеби талдау, салыстырмалы талдау, баяндау, тарихи-</p>

			типологиялық, герменевтикалық, репрезентативті форма әдістемелерін қолданып, қазақ әдебиеттануына тың ізденістер мен ғылыми пайымдаулар, тың тұжырымдамалар ұсынған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	Диссертация жұмысының нәтижелері қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Зерттеу жұмысында Ж.Нәжімеденов прозасының көркемдік кестесін зерттеуде фольклортану, этнографиялық құндылықтардың көркемдік қызметіне көңіл аударылып, пәнаралық байланыстар ескерілген. Көркем мәтінге талдау жасау барысында әдебиеттанушы ғалымдармен бірге фольклортанушылар, этнографтардың зерттеу еңбектеріне сүйеніп ой қорытуы орынды.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар зерттеулермен дәлелденген және расталған. Әдебиеттанудың зерттеу объектісі көркем мәтін болғандықтан ғылыми жұмыс мәтін талдаумен байланысты, осы ретте докторант теориялық қорытындыларды Ж.Нәжімеденовтің әңгіме, повесть, романдарының мәтіндері арқылы дәйектеп отырған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған /ішінара расталған/расталмаған	Диссертацияда теориялық қорытындылар мен тұжырымдар анықталған, өзара байланыстар мен зерттеулер дәлелденген. Ұсынған болжамдар мен пайымдаулар осы саладағы белгілі зерттеуші ғалымдардың еңбектеріне жасалған сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті /жеткіліксіз	Тақырыпты зерттеу барысында фольклортану мен этнография, әдебиет теориясы мен қазақ әдебиетінің тарихы, проза поэтикасына қатысты отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері жан-жақты қамтылған. Нәтижесінде пайдаланылған әдебиеттер тізімінде 100-ге жуық дереккөз көрсетілген.

			Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға толықтай жеткілікті болып табылады.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы бар. Диссертант «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Қазақ романының тарихы: өткені мен бүгіні» тәрізді академиялық ұжымдық монографияларда айтылған ой-тұжырымдарға көңіл аударатырып, өз пайымдауларын ұсынған. Тақырыпты зерттеу барысында қол жеткізген тың нәтижелер Жүмекен Нәжімеденов прозасы арқылы көрсетілген. Қаламгердің әңгімелері мен повестеріндегі, романдарындағы образдар жүйесі, ұлттық құндылықтар, көркемдік-эстетикалық жетістіктерді ғылыми тұрғыда дәлелдеуі жеткілікті дәрежеде. Атап айтатын болсақ, «Солай ұлым» әңгімесіндегі анасы мен қызы арасындағы алшақтық, «Көне жұрт» әңгімесіндегі жасы ұлғайған шағында жас келіншегінің жеңіл жүрісін кешіре алмай тығырыққа тірелген Қабен бейнелерімен ұлттық құндылықтардың жастар бойынан табыла бермейтіндігін шынайы бейнелегеніне көңіл аударған. Кейіпкер бейнесін ашудағы жазушының портрет, портреттік сипаттама, монолог, диалог, кейіпкер сөзі, ым-ишараларды тиімді пайдалануы нақты мысалдармен көрсетілген. Сондықтан ұлттық құндылықтар, кейіпкерлер жүйесі туралы ұсынылған тұжырымдар мен пайымдаулар қазіргі әдебиеттану ғылымына қосылған тың үлес болып табылады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның практикалық маңызы мен алынған нәтижелерді тәжірибеде қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу нәтижелерін «Қазақ әдебиетінің тарихы», «1960-1990 жылдардағы қазақ әдебиеті» курстарында, прозалық шығармаларды, оның ішінде әңгіме, повесть, роман жанрларын талдауда пайдаланған тиімді. Сонымен бірге тұлғатану бойынша «Жүмекен Нәжімеденовтің әдеби мұрасы» атты арнайы курстарда кеңінен қолдануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа;	Диссертациялық жұмыстың практикалық ұсыныстары толығымен жаңа болып табылады. Жетібай Рақымберді Қажығалиұлының философия докторы

		2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	(PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Жүмекен Нәжімеденов прозасының көркемдік әлемі» тақырыбындағы докторлық диссертациясы ғылымның барлық талаптарына сәйкес келетін толық аяқталған жұмыс.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыс барлық академиялық жазу мен ресімдеу талаптарына сәйкес келеді. Жетібай Рақымберді Қажығалиұлының 6D021400/8D02308 – Әдебиеттану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған зерттеу жұмысында ҚР ҒЖБМ талаптары толық негізде қатаң сақталған.

Диссертацияның мазмұнына және жазылуына байланысты осындай жетістіктерімен бірге ізденушіге алдағы уақытта көмегі тиеді деген оймен төмендегідей ұсыныс-ескертпелерді айтқымыз келеді:

1. Диссертациялық жұмыста ішінара кездестін техникалық қателер бар. (9-бетте «Жазушының әңгіме, повесть, романдарындағы түрлік ізденістер фольклорлық сарын мен мистиканы еркін игеруінен көрінеді» деген сөйлемде «романдарындағы» емес романдарындағы» болу керек еді, «ы» әрпінің орнына «а» түсіп кеткен).

2. Алдағы уақытта монография шығару барысында жазушының әңгіме, повесть, романдарын жүйелеп кестеге түсірсе, оқырман Ж.Нәжімеденовтің қазақ прозасына қосқан үлесін сызба кестеден анық көретін еді.

3. Ж.Нәжімеденовтің қазақ әдебиеті тарихынан алар орны ерекше. Бұған дейін ақынның қазақ поэзиясына қосқан үлесін Қадыр Юсупов монографиялық үлгіде зерттеп, осы тақырыптың іздеушісі болып жүргені белгілі. Болашақта Р.Жетібай да Ж.Нәжімеденов прозасының іздеушісі болып диссертациялық жұмысын монография етіп шығарса деген тілегіміз бар.

Дегенмен, бұл көрсетілген кемшіліктер мен ұсыныстар диссертациялық жұмыстың жалпы мазмұнына, құндылығына айтарлықтай нұқсан келтіре алмайды.

Шешім: Сондықтан 8D023 – Тілдер мен әдебиет (6D020500/8D02301 – Филология /6D021400/8D02308 – Әдебиеттану) бағыты бойынша қорғауға ұсынылған Жетібай Рақымберді Қажығалиұлының (6D021400/8D02308 – Әдебиеттану) мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған «Жүмекен Нәжімеденов прозасының көркемдік әлемі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына оң баға беріп, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент:

М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы



Орда Г. Ж.

«14» желтоқсан, 2023 ж.